

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 05 сәуірдегі N 3-352 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Іле ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 19 сәуірде N 2-10-156 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27-бабының 3-тармағына, 28-бабының 1-тармағына, 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" № 274 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы" № 326 Қаулысына сәйкес Іле ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Кенттік, ауылдық округ әкімдеріне Өтеген батыр кенті, Титов көшесі, № 30 үй мекен-жайында орналасқан "Іле ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

4. Кенттік, ауылдық округ әкімдері 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды, олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін ұйымдастырсын.

5. "Іле аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Құсайнов Мақсат Болатұлына (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және жеткізуді өз қүзыреті шегінде ұйымдастырып, шақырушыларды жөнелту кезінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Тұрымбетов Ерболат Сапарұлына жүктелсін.

7. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан

әкімі Б.

Абдулдаев

Іле ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 05 сәуірдегі
"Қазақстан Республикасының
Азаматтарын 2012 жылдың
сәуір-маусымында және
қазан-желтоқсанында
кезекті мерзімді әскери
қызметке шақыру туралы"
N 3-352 қаулысына
1-қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Комиссия төрағасы:	
Тұрымбетов Ерболат Сапарұлы	Іле ауданы әкімінің орынбасары
Комиссия төрағасының орынбасары:	
Аширбаев Нұрқанат Өксіханұлы	"Іле ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы;
Комиссия мүшелері:	

